



Мырзалыгы да, серілігі де бар Абдулла Сапар ағамызды сырттай жақсы танитын едім. Акындығы өз алдына үстаздық қызметінің өзі не тұрады? Мүгалім дегеннің өзі жай ғана мамандық емес пе? Ал, оның адамгершілігі, кісілік келбеті ше? Тұлға еді ғой, алып еді ғой...

Үлкен қалаға кішкене болса да еңбегін сініргендер бар. Әрине, ол да – олжа. Әбекен болса, кішкентай ауылына үлкен еңбегін сінірді. Замандастары игі істерін, ізгі ойларын аңыз етіп айтып жүр. Жалпы, акынжанды ағамыз туралы жазу көптен бері ойда жүрген-ді. Шокпар болады: көтере алатын, көтере алмайтын. Әуелгісін әуірімдеп болса да қолға алуга ниеттіміз. Екіншісін белге байлаудың керегі не дедім. Сосынғысын Абдулла Сапармен аралас-күралас жүрген жігіттердің бірі – акын, суретші Габит Кәдірбайға бір ауыз қолқа салып көрген едім. Екі ауыз сөзге келместен келіскен Габеннен көп ұзамай-ақ электронды поштамызға хат келіп түсті.

Рыскелді ЖАХМАН

2013 жылы оң ауылымда шағын- ғана шығармашылық кешімді өткізген едім. Жанқожа батыр- ауылдық мәдениет үйінің сахнасында сол шараны жүргізіп тұрған Абдулла Сапар көпшілікке қарап:

- Мен Рүстем Жанай кокеммен коп жүрдім. Коп жүргенде... иык тіресіп қатар жүргенім жок, «барып кел, шауып келіне» икемдірек- болдым ба, әйтеуір мені ізіне коп ертетін. Сонда мені басқаларға таныстырғанда былай дейтін: «Мен – Рүстем Жанаев, қазір Қазалыда нөмірі 1-ші акынмын. Ал, мынау – Абдулла Сапар деген жігіт. Мен олсем, осы бала Қазалыда нөмірі 1-ші акын болады!». Әжептәуір көнілім көтеріліп, қоттиып қалатыным...

Ал, енді қазір Рүстем Жанаев жок. Қазалыда мен №1 акынмын. Мен олсем, мына Габит Кәдірбай бірінші акын болады! - деген болатын.-

Қазалыда өткен бір аста ақ-шанқан киіз үйлерді жағалап, үлкендерге сәлем беріп жүріп Абдулл-алардың үстіне түстім. Қасында – қазалылық жас та болса-, адуынды жырларымен қозға ілініп қалған акын Есет Табынбаев. Өдеттегідей Әбекен Есетті қонақтарға таныс-тыр-ып отыр: «Мен Сапар Абдулла – Қазалы-дағы нөмірі бірінші акынмын. Ал, мынау Есет – екінші акын. Егер мен олсем...»

Шыққан сон айтатыны гой: «Баяғыда Рүстем кокемнің мені осындай етіп көтермелеуін едәуір- дәреже қоретінмін мен де. Бір күні Нүрдәулет Махамбетовке «Рүстем кокем мені солай деді, мен олсем мына Абдулла Қазалының бірінші акыны болады» деп айтты деп мақтанып отырсам, Нүрдәулет айтады: «Ой, ол кісі мені де сойдеп айтқан» деп. Сол сияқты гой, Габитжан» деп арқадан қакқаны бар еді. Сонда Есет екеуміз ағеділ ағамызға ризашылықпен қарап: «Біз ешқашан №1 болмай-ақ қояйық. Сіз олмей, аман-сау жүре берінізші» деп едік-ау...

Жалпы, қазір ойлап отырсам, Абдулла Сапар-мен аралас-құраластығым бес-ақ жыл екен. 2011 жылы 25 жасымда алғаш рет аудандық мүшәйраға қатысып, бас жүлдесін алған едім. Сонда қазылар алқасында Жетіскен Мәкенәлі кокемізбен бірге қазылық етіп отырған- өткір қозді сары жігіт маған айрықша ықылас танытып, телефон нөмірімді алып, электронды поштасын беріп, басқа да олендерімді оқығысы келетінін айтқан.

Менде ешқандай да олен жок болатын. Мектеп қабырғасында да, студенттік кезендерде де бірер жол тақпақ құрағаным болмаса, олен өлкесіне ден қоя қоймаған кезім. Абдул-лағ-а «поштанызға олендерімді жіберем» деп қалай уәде бергенімді білмеймін, әйтеуір сол сөзімді орындау үшін де күніне бір оленнен шығарып, Әбекене жіберіп

жүрдім. Олендерім-нін түзелуі-не, акын боп калыптасуыма көп әсерін тигізіп, ақыл-көнесін аямай беріп жүретін.

Өзінің айтуынша 18 жасында шығарған «Намыстын туын нақұрыс қана ұстамас...» деп басталатын жалғыз ғана оленің Абдулланың шекпенінен шыққан бүкіл ізбасарлары жатқа соғады. Осы туынды сияқты өміршен оленді дүниеге әкелсек деп талпынады. Абдулла өте аз жазады. Аз жазса да, саз жазатын еді ғой...

Жанқожа бабаның 240 жылдығында бәріміз бірге мұшәйраға қатысатын болдық. Сонда «Байланбаған Бабажан, тайрандаған Тықылар...» деп күбірлеп жүрген Абдулланы көріп, өте бір сұрапыл олен жазғалы жүргенін сезе қойдық. Солай болды да...

...Жаздығүні шілде болғанда дария жағалап балыққа шығамыз. Қона жатып қармақ саламыз. Жайын мен сазан тез арада түсе қоя ма, Абдулланың аузына аңқиямыз ғой баяғы.

- Бір күні үлке-е-ен бір доқейлермен аңға шықтық. Прокурорлар ма, бірденелер екен... Мені «жол қорсетесін» деп алып шықты. Аналар- екі жап-жана «Нива» мінген. Ысылдап түр. Мен өзімнің жаман «Ниваммен».

Қайтарда күн алай-түлей боран болды. Жарты жолға келгенде анау екі «Нива» да шикыл-дап жүрмей, бірінен сон бірі түралап қалды. Менікі мұндай күқайдың талайын көріп, небір сыннан өткен ғой, жүріп түр. Аналардың күні маған түсіп, менікіне мінбекші болды ғой енді. Сойтіп тұрып ішіндегі ең доқейі «Мынаның орындықтарын неге алып тастағансын?» деп гүжірейеді. (Абдулланың бұл қолігінде тек өзі отыратын орындықтан басқа ештеңе жоқ). «Бұл – прокурорлар мінетін емес, менің иттерім мінетін машина!» деймін аларып-. Жанындағылар шошып кетіп, «Абдулла,- қойшы енді...» деп күбірлейді жалынышты үнмен. Содан бәрі сығылысып иттеріммен бірге маған сыйысты. Түтеқпен арпалысып ытқып келе жатыр екі, менің қаншығым басқа адам таппағ-андай әлгі «гөттаның» бетін жалап қалмасы бар ма? Анау тыжырына қалды да, мылтықтың күндағымен «дүнк» өткізді. Қаншығым қынсылап, «үлы ойбайға» салды да қалды. Токтай қалдым. «Түс, машинадан!» дедім. «Немене, ит емес пе? Онда түргән не бар?» дейді. Мен айтамын «Мен үшін сенен мына менің итім қадірлі. Бала-шағамның несібесіне пайдасын тигізіп жүр. Ал сен... Өзін кісіге кіріп-тар боп келе жатып-, мұның не? Мінгіз-бей-мін енді» деп тұрып алдым қасарысқан күйі. «Алдыма келер-сін...» дейді анау тісін шықырлатып сыздана. «Күдай сенің алдына барғызбасын! Абайсызда қылмысқа

вры-на калсам да, істеге-німді мойныммен котерермін. Тап саган- басымды имеймін!».

Әй, койшы, әйтеуір барлығын жарты сагат- дедектеттім. Сынбады-ей сабазын. Жанындағы жандайшаптарынын жапа-тармағай жалынул-арымен жібінкіредім де, иттеріммен «күшактастырып» кайтадан машинамы топыр-лата толтырдым. Елге жакындап кал-ганда, ит екеш итті койсайшы бұл, күргыр-ай «бір тексеріп корейін» деді ме, әлгінін сазар-ган бетін тілімен тағы да томеннен жоғары карай сыпырып еді, анау шімірікпестен отыра- берді, - деп бір кайырганы бар.

«Ләхамен (Абдулла Әлия женгемізді осылай атайтын) калай таныстын?» деп сұраймын әнгіменін арасы үзіліп бара жатса. Оны да майын- тамызып тұрып әнгімелеп береді. Оны кейінгі бір естеліктерімде жазбасам, бүгін мақалан-ын ауқымынан асып кеткелі тұр-ау...

Бірде Жетіскен кокем Мәкенәлімен кошеде- үшырасып, сәлем беріп жатсам: «Габитжан, пенсияға шыктым. Енді колымыз бостау. Ағана согып тұр» деп еді. Мен бас изедім де жүре бергем-. Сол... екі-үш айдан сон дәм-түзы таусы-лып, аттанып кетті гой. Міне, Жетіскен кокем-ді дүрыстап тындай алмадым-ау деп озекті ортеп жүргенде, қапыда Абдулла да кетті. Естір күлагымыз болғанымен, есті санамыз- болын-кырамады ма, жок әлде Әбекенді жуык арада аргы әлемге аттанып кете кояды деп ойламадык- па, біраз әнгімесін шала-шарпы есімде үстап калыппын.

Габит КӘДІРБАЙ